



№ 46
(9745)

16 қараша
Сәрсенбі
2022 жыл

Темір

Газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі. А.БАЙТҰРСЫНОВ.



АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

temir.gazet
temir.gazet72@mail.ru

Есептік кездесу

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТАПСЫРМАСЫНА СӘЙКЕС, ӘКІМДЕРДІҢ ТОҚСАН САЙЫНҒЫ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗУ ШАРАСЫНА ОРАЙ, 10 ҚАРАША КҮНІ АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ ЕРМҰХАНҰЛЫ АМАНБАЕВ АҚСАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. ШЫҒЫРЛЫ, АШЫСАЙ, БІРЛІК АУЫЛДАРЫНДА ДА ӨТКЕН АШЫҚ ФОРМАТТАҒЫ КЕЗДЕСУЛЕРГЕ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ Б. ШАИМОВ, АУДАНЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Ж. ИМАШОВ, АУДАНЫҚ ҚОРҒАНЫС ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМ БАСТЫҒЫ Ж. ЖАМАНБАЛИНОВ, МЕКЕМЕ ЖӘНЕ БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.

ӘКІМ АҚСАЙ ӨНІРІНДЕ БОЛДЫ



Ақсай ауылдық округінің орталығында кездесу барысында тұрғындарды толғандыратын азық-түлік бағасын тұрақтандыру, игерілмеген жер учаскелерін заң аясында мемлекет меншігіне кері қайтару, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шаруа қожалығы иелеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар скрининг жүргізу арқылы кәсіптік бағамды анықтау және артықшылық бағытталған «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы аясындағы Ақсай және Саркөл ауылдық округтерінде жүзеге асырылғалы жатқандығы, осы бағытта есімдік шаруашылығы бойынша 6 жоба, кооперативтерді жабдықтау бойынша 2 жоба, жылыжайға 2 жоба, шағын бизнесте 21 жоба, құс шаруашылығы саласында 64 жоба, Ақсай ауылдық округі бойынша барлығы 93 жобаны іске қосу жоспарланғаны айтылды. Кездесу соңында аудан әкімі тұрғындар тарапынан түскен әрбір ұсыныс назардан тыс қалмайтынын және олардың заң аясында шешілуін бақылауға алатынын жеткізді.

Бұдан кейін аудан әкімі С. Аманбаев Шығырлы ауылына барып, тұрғындарымен ашық форматтағы кездесу ұйымдастырды және олардың көкейтесті сауалдарына жауап берді. Кездесуде шығырлылықтар интернет мәселесі туындап отырғанын тілге тиек етіп, ауылға спорт алаңын салу туралы ұсыныс білдірді. Тұрғындарды мұқият тыңдаған аудан әкімі Ақтөбе облысы әкімінің өңірдегі барлық елді мекендерді сапалы интернетпен және ұялы байланыспен қамтамасыз ету тапсырмасына сәйкес, көтерілген мәселелердің маңыздылығын ескеріп, алдағы уақытта оң шешім табуға ықпал ететіндігін жеткізді. Аудан әкімі С. Аманбаев Шығырлыда болған кезінде, ағымдағы жылдың көктемінде тендерді ұтып алған «Алихан Ойл» ЖШС-ның, қазіргі таңда жоспарланған құрылыс жұмысының көлемін толықтай аяқтап, пайдалануға берген және су құбыры желісін қарады. Бүгінгі таңда тұрғын үйлерді жалпы ауылыштық су құбыры желісіне қосу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Енді ауылдағы әрбір үйге орталықтандырылған су құбыры желісінен тартуға мүмкіндік бар. Нысанды тексеру соңында аудан басшысы округ

әкімі Е.Бегимовке су құбыры желісінің сапалы жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды және аталған тапсырманың орындалуын бақылауды аудан әкімінің орынбасары Ж. Қойшыбаевқа жүктеді. Осы күні аудан әкімі С. Аманбаев Бірлік ауылының тұрғындарымен де кездесіп, ауыл азаматтарының өтініш-тілектерін тыңдады. Кездесу барысында ауыл тұрғындары ұялы байланыспен қамту мәселесін көтерді. Аудан басшысы мұнда да ағымдағы жылғы облысымыз бойынша, облыс әкімінің тапсырмасына орай, ауыл халқын ғаламтормен және ұялы байланыспен қамту мақсатында нақты міндеттер қойылғанын айтып, соған сәйкес ұялы байланыспен қамту мәселесі жоспарға енгізіліп, шешілетіндігін хабарлады. Аудан басшысының ауылының тұрғындарымен кездесуінде жергілікті жердің түйткілдері ортаға салынып, сөз етілген мәселелердің шешу жолдарын қарастыру сұралды. Аудан әкімі ақсайлықтардың айтқан ұсынысын назарда ұстап, олардың оңтайлы шешілу жолдары қарастырылатынын жеткізді.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.

МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ



АЛТЫҚАРАСУ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ ЕҢБЕКШІ АУЫЛЫ, АТЫНА ЗАТЫ САЙ, ҰЙЫМШЫЛДЫҒЫ МЕН АУЫЗБІРШІЛІК ДӘСТҮРІ ҚАЛЫПТАСҚАН ЕЛДІМЕКЕН. 9 ҚАРАША КҮНІ ОСЫ ЕЛДІМЕКЕНДЕ КӨП ЖЫЛ ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖАСАП, ӨМІРДЕН ӨТКЕН, БҮГІНДЕ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛҒАН, ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАҒЕРІ КӨШЕРБАЙ ҚОЙШЫҒҰЛҰЛЫНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ ӨЗІ ҚЫЗМЕТ ЖАСАҒАН МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНА МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ.

Тақтаның ашылу салтанатына аудан әкімі С. Аманбаев, еңбек ардагерлері, ауыл тұрғындары, жергілікті билік өкілдері және ардагер ұстаздың туыстары мен балалары қатынасты. Шара К.Қойшығұловтың құрметіне арналған мемориалдық тақтаның салтанатты түрде ашылуымен басталды. Бұл рәсімді аудан әкімі мен еңбек ардагері Н. Өтепов орындады. Салтанатты шарада аудан әкімі тарихи тағлымы сәтпен құттықтап, ардагердің білім саласындағы еңбегі жайында айтып, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде, елдің мәдениеті мен дамуына елеулі үлес қосқан тұлғаның соңында өшпес ізі қалғанын сөз етті.

Қойшығұлов Көшербай 1922 жылы 12 наурызда Ойыл ауданының Қызылжар ауылдық советіне қарасты екінші ауылда қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. 1929 жылы бірінші классқа қабылданып, Алтықарасу орта мектебін бітірген. Темір қаласындағы мұғалімдер дайындайтын оқу орнын бітірген.

1941 жылы Совет Армиясы қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына қатысып, соғыста көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен наградталған. 1946 жылы елге оралады. 1946-1948 жылдары Ойыл ауданындағы Ащысай бастауыш мектебінде, мектеп меңгерушісі болып қызмет атқарады. 1952-1957 жылдары Октябрь колхозының басқарма төрағасы болып сайланады. 1961-1982 жылдар аралығында Еңбекші бастауыш мектебінде білім беріп, кейін меңгеруші қызметін атқарып, зейнеткерлікке шыққан. Білім саласында қызмет атқарған жылдары «Еңбек ардагері» төсбелгісімен және облыстық білім басқармасының, аудандық білім бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. К. Қойшығұлов 1997 жылы өмірден озады. Биыл туғанына 100 жыл толған, ұрпаққа үлгі боларлық тұлғаның құрметіне жасалған шарада, шәкірттері, бүгінде еңбек ардагері Е. Төлеуов, Еңбекші ауылының жанашыры С. Боранқұлов, еңбек ардагері Н. Өтепов естеліктерін ортаға салып, құрметті ұстаздың балалары мен туыстары да сөз алып, ризашылықтарын білдірді.

Салтанатты шара соңында білім саласында өшпестей із қалдырған ардагердің рухына тағзым етілді

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



ДЕМАЛЫС САЯБАҒЫ АШЫЛДЫ

ҚАРАШАНЫҢ 9 КҮНІ АУДАН ӘКІМІ С. АМАНБАЕВ ЕҢБЕКШІ АУЫЛЫНДА БОЛЫП, АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН ЖАҢА ДЕМАЛЫС САЯБАҒЫНЫҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ.

Саябақтың лентасын осы ауылда ұзақ жылдар бойы қызмет етіп, ауылдың дамуына үлес қосып жүрген еңбек ардагері С. Боранқұлов қыйды. Аудан әкімі үстіміздегі жылы аудан көлемінде атқарылып жатқан шаруаларға қысқаша тоқтала келіп, ауыл тұрғындарына жаңа саябақтың ашылу салтанатымен құттықтап, мұндай игілікті істер

әлі де жалғасын таба беретінін жеткізді. Салтанатты шарада аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері Н. Өтепов, Е. Төлеуов, М. Әділханұлы қатынасып, ауыл ажарына сән берген демалыс орнының тұрғындардың игілігіне айналуына тілектерін білдіріп, сөз сөйледі. Ауыл тұрғындары ауылда жасалып жатқан игілікті істердің

көбейіп келе жатқандығына шексіз қуанышты екендіктерін, бұл тұрғыда екімдіктің атқарып жатқан жұмысына оң бағасын берді. Шара соңында саябақтың ауласында көшеттер отырғызылды.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.

ЕСКЕРТУ ЖАСАЛДЫ

АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ АМАНБАЕВ, АЛТЫҚАРАСУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ЖҰМЫС САПАРЫ БАРЫСЫНДА ЕҢБЕКШІ АУЫЛЫНА ТОҚТАП, АУЫЛ ІШІНЕ СУ ҚҰБЫРЫН ТARTY ЖӨНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДІ ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІМЕН ТАНЫСТЫ.

Еңбекші ауылына су құбырын тарту жұмыстарын атқару бойынша тендерді мердігер «ТеллоЭнергоСтрой» ЖШС-і жеңіп алған. Тексеру барысында мердігер мекеменің тиісті міндеттемелерін өз деңгейінде толық орындамағаны анықталды. Сондықтан аудан басшысы, округ әкімі М.Алишөвке құрылыс жұмыстарының барысын күнделікті бақылауда ұстауды, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол ауыштырар келігі және автомобиль жолдары бөліміне фотосурет жолдап отыруды, сонымен қатар қажет болған жағдайда нысанды пайдалануға беру мерзімдерін кешіктіргені үшін және міндеттемелерін орындамағаны үшін мердігердің жауапкершілігіне қатысты ұсыныстар енгізілді тапсырылды.



Ал аталған ауылдағы газдандыру жұмыстарын қарау кезінде тендерді ұтып алған мердігер мекеме «Энергоресурс» ЖШС-і елді мекенге газ желісін тарту жұмысының мерзімін іс жүзінде өткізіп алғаны белгілі болды. Қазіргі уақытта мердігер небәрі 7 шақырым траншеяны қазып, 1,2 шақырым ғана пластик құбырлар денекерлеген. Алайда, осы азғантай траншеялардың өзі көмілмепті. Бұл жағдай тұрғындар мен жануарларға белгілі бір қауіп төндіріп тұр. Сондай-ақ мердігер мекеме, ауылыштық газ жұмыстарын жүргізуге қажетті инвентарь мен материалдардың бір бөлігін қаладан әкеліп қойғанымен, бір аптадан астам уақыт бойы барлық жұмыс толығымен тоқтап тұрғандығы, яғни әрі қарай жұмысты жалғастыру үшін қосымша құбырлардың болмауының кесірінен жұмысшылардың барлығы қалаға кетіп қалғандығы анықталды.

Сөз етілген нысанның жұмысын тексеру соңында аудан басшысы, Алтықарасу

ауылдық округінің әкімі М. Алишөвке жұмыс барысын күн сайын қадағалауды, одан әрі мердігерді заң аясында жауапкершілікке тарту мақсатында облыстық жол ауыштырар келігі және автомобиль жолдары басқармасын хабардар ету үшін фотосурет жолдауды тапсырды және жоғарыда аталған қос нысан бойынша берілген тапсырмалардың орындалуын бақылауды аудан әкімінің орынбасары Ж. Қойшыбаевқа жүктеді.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ПЫСЫҚТАЛДЫ

14 ҚАЗАН КҮНІ АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ ЕРМҰХАНҰЛЫ АМАНБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН ЖЫНДА, ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАҒИДАЛАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ. ЖЫНҒА АУДАНЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Ж. ИМАШОВ, АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ, АУДАНЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ С. КАЛМЕНОВ, БӨЛІМ ЖӘНЕ МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.



Жыын барысында өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында атқарылған шаралар туралы аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімі басшысы С. Қалменовтің және бас инспектор Б. Сауытовтың

баяндамалары тыңдалды. Жыынды қорытындылай келе аудан әкімі өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға шақырып, нұсқама беруді, қыс маусымында аудан тұрғындарын, мекемелерді үздіксіз табиғи газбен,

жылумен, электр қуатымен қамтамасыз етудегі қауіпсіздік іс-шараларының орындалуын пысықтауды, тұрғын үй секторларында өрт қауіпсіздігі туралы профилактикалық іс-шараларды күшейтуді, жылыту маусымы кезінде өрт

қауіпсіздігі ережелерін сақтау, адамдардың ұлы газбен улануы мен жарақаттанудың алдын алу мақсатында үйлерді аралап, жадынамалар таратып, әлеуметтік желі арқылы түсіндірме жұмыстарын ұдайы

және қарқынды жүргізуді тапсырды. Аталған тапсырмалардың орындалуын бақылау – аудан әкімінің орынбасары Ж. Қойшыбаевқа жүктелді.

ТЕМІР ГАЗЕТИ.

«Темір» газетіне жазылу жүрін жатыр

Газетке «Қазпошта» бөлімшелерінде жазылуға болады. Телефоны: 8/71346/ 2-27-09- 2-25-00

индексі	Жазылушылар санаты	6- айға	12 -айға
65524	Жеке тұлғаларға	1999,30	3998,60
66524	Заңды тұлғаларға	3007,84	6015,68
67524	Жеңілдікпен жазылатындарға	1657,78	3315,56



ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП БАСТЫ НАЗАРДА

15 ҚАРАША КҮНІ АУДАН ӘКІМІ САЛАМАТ АМАНБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН САЙЛАУ ҮДЕРІСІ ҚАРСАҢЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ БОЙЫНША АРНАЙЫ ЖИЫН ӨТТІ. ЖИЫНҒА ЖЕРГІЛІКТИ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ БӨЛІМШЕСІНІҢ БАСШЫСЫ М.ТАЙБЕРЕНОВ, АУДАНДЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ С. КАЛМЕНОВ, КМК «ШҰБАРҚҰДЫҚ ЖЫЛУ» МЕКЕМЕСІНІҢ БАСШЫСЫ С. ДҮЙСЕНОВ ҚАТЫСЫП, КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ТОҚТАЛЫП ӨТТІ.

Жиынды қорытындылай келе аудан әкімі С. Аманбаев, С.Калменовке ерттің алдын алу мақсатында сайлауға дайындық және өткізу кезеңінде сайлау учаскелерінде ерт

қауіпсіздігі талаптарының сақталуын, М. Тайбереновке барлық аймақтарда құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті С.Дүйсеновке әлеуметтік мекемелерді жылумен үздкісіз

қамтамасыз етуді жүктеді. Аталған тапсырмалардың орындалуын бақылау – аудан әкімінің орынбасары Ж.Қойшыбаевқа міндеттелді. **ТЕМІР ГАЗЕТІ.**

САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРМЕН СЕМИНАР ӨТТІ

АҚТӨБЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ҒИМАРАТЫНДА КЕЗЕКТЕН ТЫС ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНА ӨЗІРЛІК ЖӘНЕ ӨТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕ СЕМИНАР-КЕҢЕС ӨТТІ. ШАРАҒА ҚР ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ КОНСТАНТИН ПЕТРОВ ҚАТЫСТЫ. БАС ҚОСУҒА КАНДИДАТТАРДЫҢ ШТАБТАРЫ-СЕНІМ БІЛДІРІЛГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ, БАЙҚАУШЫЛАР, САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ, ӨЗГЕ ДЕ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ, АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ МЕН УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫ ЖИНАЛДЫ.



Кездесуде алдымен сөз алған ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров кезектен тыс сайлаудың ерекшеліктері, сайлауды өткізу тәртібі мен ережелері туралы жаңа жақты түсіндіріп берді. – Елімізде 20 қарашада кезектен тыс президент сайлауы өтеді. Мемлекет басшысы лауазымына 6 кандидат тіркеуден өтті. Кандидаттарға бірнеше талап қойылды. Сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмысы 21 қазан мен 18 қараша аралығында өтеді. Үгіт жүргізу 18 қараша күні сағат 18:00-де тоқтатылады. 19 қараша үнсіздік күні деп жарияланды. Осы күннің басталуымен кез келген үгіт тоқтатылады. 20 қараша – дауыс беру күні. Сайлау уақытығы 13 сағатқа созылады, яғни таңғы сағат 7.00-де басталып, көшкі сағат 20.00-де аяқталады, – деді

ОСК төрағасының орынбасары Константин Петров. Оның айтуынша, кезектен тыс президент сайлауында бірінші рет дауыс беретін сайлаушыларға сыйлық беру үшін қаражат бөлінбеген. Біздің облыста сайлауға дайындық жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Өңірде 517 сайлау учаскесі бар. Сайлаушылар саны – 560 819 адам. Қалалық және аудандардың әкімдіктерінде Сал-орталықтар жұмыс жасауда, онда азаматтарды сайлаушылар тізіміне енгізуді тексеру және сайлау учаскелері орталықтарының орналасқан жерін нақтылау мәселелері бойынша барлық қажетті кеңестер беріліп жатыр. Сондай-ақ <https://t.me/Akimat04bot> телеграмм бот арқылы сайлаушылар тізімінен өздерін тексеріп, ЖСН теру арқылы қай сайлау учаскесінде

дауыс беретінін біле алады. Барлық учаскелік сайлау комиссиялары кезектен тыс Президент сайлауы өткізуге дайын, – деді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлыбек Жүсіпов. Жиын барысында жергілікті атқарушы органдардың сайлауды ұйымдастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жоспары туралы облыс әкімі аппаратының басшысы Қайрат Райымқұлов баяндама жасады. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Әнуарбек Қонжар учаскелердің мүмкіндігі шектеулі сайлаушылармен қалай жұмыс істейтіні туралы айтты. **aqotbegazeti.kz**

2022 ЖЫЛЫ 15 ҚАРАША КҮНІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ХАТШЫСЫ Б.ШАИМОВТЫҢ ТӨРАЛЫҒЫМЕН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖИЫРМА ҮШІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ЖИЫНҒА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Ж. ҚОЙШЫБАЕВ, БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ МЕН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ ҚАТЫСТЫ.

ТЕМІР АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ XXIII-ші КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯСЫ



Аудандық мәслихаттың сессиясының күн тәртібінде Темір аудандық мәслихатының 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 132-ші «2022–2024 жылдарға арналған Темір аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы (Баяндамашы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Н. Адаев), Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 15-ші «Темір ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының

тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы (Хабарламашы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сектор меңгерушісі Әділхан Гүлашым), «Темір ауданында мүгедектері бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы» (Хабарламашы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сектор меңгерушісі Әділхан Гүлашым), аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 10

қаңтардағы № 317-ші «Темір ауданы бойынша учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселелер қаралды. Сессия қатысушылары күн тәртібінде қаралған мәселелерді талқылап, тиісті шешім қабылдады. Жиын соңында мәслихат хатшысы Б. Шаимов пен аудан әкімінің орынбасары Ж. Қойшыбаев, аудан бюджетін игеру жұмыстарын нақтылауды тапсырып, тиімді жұмсауды ұсынды. **ТЕМІР ГАЗЕТІ.**

ЖАҢА ҚОҒАМ МҰҒАЛІМІ

«Мұғалім – өзі де оқуы керек». П. Ф. Каптерев.

«ҰСТАЗДЫҢ БИІГ ОЙЛАНА ҚАРАСАҢ БИІКТЕЙ БЕРЕДІ, ҮҢІЛЕ ҚАРАСАҢ, ТЕРЕҢДЕЙ БЕРЕДІ, ҚОЛ СОЗСАҢ ҚАРСЫ АЛДЫНДА, АЙНАЛСАҢ АРТЫНДА ТҮРҒАНДАЙ» ДЕП СОКРАТ АЙТҚАНДАЙ, ЕГЕМЕНДІ ЕЛІМІЗДІҢ АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫ ЕЛДЕРДІҢ ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛУЫНА ҚАРАЙ ТАБАҢДЫЛЫҚПЕН ЖЫЛЖУ САЯСАТЫ – ҚОҒАМЫМЫЗДЫҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫНДА ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІП, ЖАҢА ТАЛАПТАР ҚОЙЫП ОТЫР. СОНЫҢ ІШІНДЕ, БОЛАШАҚ ҰРПАҚҚА ӨЛЕМДІК ДЕНГЕЙДЕ БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТЫНА ОРАЙ, БІЛІМ МАЗМҰНЫНА ЖАҢАША ҚАРАУ – БАСТЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ. БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАСАЛУЫ, БІЛІМ МАЗМҰНЫ МЕН ӨДІС-ТӘСІЛДЕРІНІҢ ЖАҢАРУЫ – БӘСКЕЛЕСТІККЕ ҚАБІЛЕТІ МОЛ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТТА ЕҢБЕКТЕНЕТІН, ОЙ ҚАБІЛЕТІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕТІН АЗАМАТТЫ ТӨРБИЕЛЕУДІ КӨЗДЕЙДІ.

Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер – ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті. Заманауи мұғалім – бүгінгі қоғамның да, қазіргі заман мектебінің де сұранысы. Қазіргі заманның ұстазға қояр басты талабы – ақпараттандырылған, жан-жақты, дүниетанымы кең, тәрбиелі әрі саналы шәкірт тәрбиелеу. Оқытушы оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін, қазіргі заманауи инновациялық технологияларды меңгеруі шарт. XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани қалыптасуына әсерін тигізеді. Қазіргі заман мұғалімі жаңа технологияны меңгеріп, оны қолданыста кең пайдалана білуі керек. Ол ақпаратты жеткізуші ғана емес, сонымен қатар жаңашыл көзқарасты тұлға, кеңесші, қолдаушы, оқушының жан дүниесін түсінетін жантаушы болуы тиіс. Мұғалім оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, оның ұйымдастыру формасын түрлендіріп отыруы керек. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әрбір мұғалімнің борышы. Мұғалім – өз кәсібін, өз пәнін, шәкірттерін, мектебін шексіз сүйетін адам. Соның нәтижесінде ол бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады.

АЙБЕК ТАҢШОЛПАН, Сартоғай негізгі орта мектебінің аға тәлімгері.

«ЖЫЛ ОҚУШЫСЫ» КОНКУРСЫ

14 ҚАРАША КҮНІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ЖЫЛ ОҚУШЫСЫ» КОНКУРСЫНЫҢ АУДАНДЫҚ КЕЗЕҢІ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. АТАЛҒАН ШАРАҒА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ 6-11 СЫҢЫП АРАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕНГЕЙІН АРТТЫРУ, ОЛАРДЫ БІЛІМ ӨРТҮРЛІ САЛАЛАРЫНДА ДЕРБЕС ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСҚА ТАРТУ, ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІНІҢ ЖАҢА ДЕНГЕЙІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ



Конкурс қорытындысында «Жыл оқушысы» номинациясын аудан бойынша бірнеше оқушылар иеленді. Атап айтқанда Шұбарқұдық гимназиясынан Төреханов Альдаир (6-7 сыныптар арасында) мен Ергали Ұлан (8-9 сыныптар) және № 1-ші Шұбарқұдық мектеп-гимназиясынан Қазақбаева Айбибі (10-11 сыныптар) өз тұстарынан білім деңгейі озық шығып, жеңімпаз атанды. Жеңімпаз оқушылар облыстық кезеңге жолдама алды. **ӨЗ ТІЛШІМІЗ.**

ӨНЕР САЙЫСЫ

10 ҚАРАША КҮНІ ҚОБДА АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ 220 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРАБОЗДАРЫ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН КӨРІНІСТЕР БАЙҚАУЫ ӨТТІ. ӨЗ ЕЛІНІҢ, ХАЛҚЫНЫҢ ӨТКЕНІНЕ, ТАРИХЫНА ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАУҒА, ЖАС ДАРЫНДЫ ТАЛАНТАРДЫ ТАУЫП, ПАТРИОТТЫҚ ЖАҢА БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРУҒА ҰМТЫЛЫС СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ӨТКЕН БАЙҚАУҒА ТЕМІР, ОЙЫЛ, МҰҒАЛЖАР, ҚОБДА АУДАНДАРЫНДАҒЫ ТЕАТР ҰЖЫМДАРЫ ҚАТЫСТЫ. БАЙҚАУ ШАРТЫ БОЙЫНША ӨР ҚАТЫСУШЫ ҒҰЖЫМ 7-10 МИНУТ ІШІНДЕ ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ МЕН БАТЫРЛАРЫНЫҢ ОБРАЗЫН САХНАЛАУЫ ТИІС БОЛАТЫН.

Байқауға қатысушы ұжымдардың өнерін Т. Ахтанов атындағы облыстық драма театрының актеры М. Шакинов, облыстық халық шығармашылығы орталығының әдіскері Д. Елубаева мен Қобда аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы А. Құдайбергенова бағалады. Қазылар алқасының ортақ шешімімен І-орынға Мұғалжар аудандық мәдениет үйінің «56 жастар» театр лабораториясы (режиссеры Г. Баймұрзаева) лайық деп танылды. Екінші орынды Ойыл аудандық мәдениет үйінің «халықтық» театры (реж. С. Қарсақбаева) иеленді. Жүлделі үшінші орынды Н. Байғанин атындағы Темір аудандық мәдениет үйінің «Аманат» жастар театры (реж. Т. Еңсегенов) пен Қобда аудандық мәдениет үйінің «Сынтас» (реж. А. Жақсылықов) халықтық жастар театры бөлісті. Жалпы, өнер сайысына қатысқан әуесқой театр ұжымдарының ешқайсысы да құр қол қайтқан жоқ. Арнайы дипломдар мен ақшалай сертификаттар табысталды. **ӨЗ ТІЛШІМІЗ.**

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

ҚОҒАМДЫҚ ДЕРТПЕН КҮРЕСУ - БАРШАМЫЗДЫҢ МІНДЕТІМІЗ

ӨЛЕМНІҢ ДАМЫҒАН ЕЛДЕРІ ҚАТАРЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОНЫ БОЛДЫРМАУ МАҚСАТЫНДА ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛУДЕ. ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАР АЙҚЫНДАЛЫП, ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІН, СОНДАЙ-АҚ МІНДЕТТЕМELІК ШАРТТАРЫН БЕЛГІЛЕП, КЕЛЕҢСІЗДІКТІҢ АЛДЫН АЛЫП, ТӨУЕКЕЛДЕРІН АЗАЙТУ, ЖОЛЫН КЕСУ, ЗАРДАПТАРЫН ЖОЮҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР ОРЫНДАЛУДА. ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС БОЙЫНША ЗАҢ – АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУҒА, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ҚАҰП-ҚАТҚАДЕН МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТЫ ҚЫЗМЕТ ЕТУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН. БҮГІНДЕ ОСЫ БАҒЫТТА ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ ӨЗІРЛЕНГЕН, ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА.

Сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бейт алдыруының себептері көп. Оған ең алдымен адамның әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер етіп болса керек. Кей қызметкерлердің құқық бұзушылығы немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы – парақорлықтың дендеуіне септігін тигізетін себептер. Сондай-ақ, мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу маңызды.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі М. Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығының Ақтөбе обала қарсы күрес станциясы филиалына қарасты Шұбарқұдық обала қарсы күрес бөлімшесінде де сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау мақсатында жүйелі жұмыстар ұйымдастырылған. Аталған кеселге қарсы шаралар жүргізудің жылдық жоспары қабылданды. Бөлімше ғимаратының көрнекті жеріне жемқорлықтың алдын алуға арналған тақта жасақталған. Тақтада жемқорлықпен күрес заңнамалары, орын алған жағдайда қолданылуы қажет жауапкершіліктер түрлері жазылып, соңғы жаңалықтармен жаңартылып тұрады. Жұмыс жоспарына сәйкес Ақтөбе обала қарсы күрес станциясының жемқорлықпен күреске жауапты маманы бөлімшеге келіп, мамандармен құқықтық сабақтар, анкеталау жұмыстарын жүргізуде. «Аманат» партиясының аудандық өкілдерінің қатысуымен қызметкерлер арасында жемқорлықтың алдын алу кездесулерін өткізу үрдіске айналған. Сонымен қоса бөлімшенің лауазымды тұлғаларының қызметінде жемқорлық тәуекелдері тізімі жасақталған. Аталған тәуекелдер тізімін бөлімше басшысы күнделікті қызметінде бақылауда ұстайды. **М. Қ. СӨТТІҒҰЛОВ,** Шұбарқұдық обала қарсы күрес бөлімшесінің бастығы.



Семинар барсында № 3-ші Шұбарқұдық ЖОББМ-нің шағын орталық тәрбиешісі А. Тұлмағамбетова «Мұнара» атты тренинг ұйымдастырып, педагогтардың шығармашылық шеберліктерін байқады. Педагогикалық шеберлік орталығында курстан өткен тәрбиешілерден Э. Ермағамбетова («Балаусу» балалар бақшасы), А. Сүтбаева («Балдәурен») және Д.Қаржаубаева («Зере») «Ойын арқылы оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі» тақырыбында өткізген жұмыстарын көрсетті. Ал, «Қарлығаш» балалар бақшасының тәрбиешілері Г. Жұбанова мен А. Кулшина және музыка жетекшісі С. Болатбаева «Тәрбиешінің музыка жетекшісімен бірлескен іс-әрекеті» тақырыбында қолданатын ойын түрлерін ұсынды. Сондай-ақ Алтықарасу МБ әдіскері Г. Бақтығұлова «Педагогикалық жаңалықтарды шешу тәсілдері» атты баяндама жасап, педагог пен ата-ана және тәрбиеші мен әдіскер арасындағы болатын түсініспеушіліктерді дұрыс жолмен шешу арқылы мекеме жұмысы алға басып, қалыпты психологиялық ахуал орнайтындығына көз жеткізді.

Семинар соңында білім саласын жандандыру жолындағы жаңашылдық пен кәсіби біліктілігін көрсетіп, өздерінің іс-тәжірибесімен бөлісіп, шығармашылық шеберліктерін көрсеткен педагогтарға аудандық білім бөлімі басшысының марапаты табысталды. **ӨЗ ТІЛШІМІЗ.**



Аудан төрінде - ақындар айтысы

Самғар Орынбай мен Біржан Байтуовтың айтысы

АУДАНЫМЫЗДЫҢ ҚАЙТА ҚҰРЫЛҒАНЫНЫҢ 50 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ЖОСПАРЛАНҒАН ІС-ШАРАЛАР АЯСЫНДА, Н. БАЙҒАНИН АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «ТАРИХЫ ТЕРЕҢ – ТЕМІР» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЫНДАР АЙТЫСЫНДА САЙЫСҚА ТҮСКЕН АҚЫНДАРДЫҢ ТӨРТ ЖҰБЫНЫҢ АЙТЫСЫН БҰДАН БҰРЫН ГАЗЕТ БЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАҒАН ЕДІК. БҮГІН СОҢҒЫ – БЕСІНШІ ЖҰБЫНЫҢ, Яғни САМҒАР ОРЫНБАЙ МЕН БІРЖАН БАЙТУОВТЫҢ АЙТЫСЫН ОҚЫРМАНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА ҰСЫНАМЫЗ.



САМҒАР ОРЫНБАЙ:

Адалдық адамдыққа қонса демде,
Ел үшін еңбек етем құлша мен де.
Сіздердей ер халықтың арқасы ғой,
Ақын деген атақпен тұрсақ өрде.
Шұбарқұдық дейтуғын жер аман ба?
Рухымды көтеретін биік өрге.
Он баланың бесеуін батыр туған,
Дұшпанын кіргізетін ұрса жерге.
Ал қалған бесеуін ақын қылған,
Алтын құрсақ аналарым туса демде.
Ақындық Нұрпейістен бастау алған,
Өмірін өткізіпті жыр әлемде.
Бұл күнде Ершат пенен Мараттарың,
Жеткізбейтін жүйріктерің қуса белге.
Мен де мықты ақын боп кетер ме едім,
Осындай өркен жайған тусам елде.
Біз бақытты ұлдармыз табанымыз,
Шұбарқұдық дейтуғын тұрса жерде.
Ассалау маалейкүм, сәлем бердім,
Мыңғырып малы жатқан жусап өрде.
Аты Темір болғанымен ауданының,
Жүрегі мақтадан да жұмсақ елге!..

Шұбарым кіме қонған ырыс далам,
Жұпарыңа айтқын тыныстап ән.
Қасымдағы ағамды таныстырсам,
Жан еді ұлтым үшін туыс маған.
Қаратаудан ашып өнер мектеп,
Өнерге талай жастар тіл ұштаған.
Ұстаздықпен атқарып қызметін,
Руханиятын беріпті ұлысқа мән.
Ағайын бұл Біржанды біздерге,
Құрметтеу де дұрыс болған.
Себебі Ершаттайын ұлдарыңа,
Осы Біржан сыйлаған «Күміс қалам».
Сіз жайлы тек жақсы хабар естуші едік,
Қошеметпен халқы сыйлап гүл ұстаған.
Бірақ осы жақында интернетте,
Ел шұпатқан бір іс болған.
«Асыл домбырада» айтысып Ринатпен,
Бірін-бірі аямай қылыштаған.
Ринат Зайытовпен адамсың-ау,
Идеясы бір жерге сыйыспаған,
Мүйізін қарағайдай ағалар-ай,
Жөн бе екен артық сөйлеп туыспаған?
Ол айтқаны болмапты мәні қатты,
Екі ағам екі жаққа жамырапты.
Бірінің сөзін бірі тыңдамастан,
«Әулеуәйлім» әніне салып апты.
Ел бірлігін жырлайтын сендерсіңдер,
Дау-дамайға ұласты соңы қатты.
Айтқы соңы – көрермендер екі айырылып,
Бірі – Ринат, бірі – Біржан болып апты.
Менің үлгі тұтар екі ағамның,
Бұл ісі уялтты ғой мені қатты.
Ерлі бірге болса егер, елі бірге,
Заманның ойлап көрсек заңы қатты.
Қол бірікпей, ине де ілікпейді,
Араздықтың соқпалсын желі қатты.
Бір тауда екі дәу тас соғылысса,
Жаңғырық шығармай ма тауы қатты?
Өйтпесе татулық дегеніміз – нәзік көпір,
Шырпымен тірегендей шаңырақты.

Ақылға көндіре алмай ақымақты,
Ақылды армен қатар асыл атты.
Гена мен Алверстейн жекпе-жекте,
Төрт жыл бойы «Кім жеңеді?» деп басы қатты.
Ринат пен Біржанның оқиғасы,
Көшіріп алғандай осы жайтты.
Бұлар да айтқын төрт жыл бұрын,
Солтүстікте шаңқытты топырақты.
Ринаттан жеңілгенін мойындамай,
Біржанның да істепті басы қатты.
Арнайы ауылына шақырып ап,
Мергендей әудем жерден атып апты.
Одан кейін жолығып кезекпен де,
Дау-дамайдың ұзақтан отын жақты.
Гена мен Алверстейн «Үш бойындай»,
Бұларда да үш айтыс өтіп жатты.
Төрешіні сатып алған Алверстей,
Біреуі қазыларды сатып апты.

«Допингке» тойып алған боксшыдай,
Біреуі «заготовқаға» жатып апты.
Гена мен Алверстейі тұлман жарыс,
Ринат пен Біржандікі күман жарыс.
Ал енді Біржан аға өзің айтшы,
Ол айтыс тұр ма еді бұдан да алыс?
Қазыларды сатып алған кім боп кетті?
Өткен іске еңдеше мән беріңіз,
Ринат екеуінің іштерінде,
Кім Гена болып кетті, кім Алварес?

БІРЖАН БАЙТУОВ:

Біздерден күтіп отыр халқым егес,
Шабытым енді қалай сал-пұл емес.
Ел-жұрттың ықыласын көрген кезде,
Қара күз боп қалады салқын емес.
Апыр-ай, бұл Ершаттың ауылы ма?
Айтыста жасап жүрген жарқын егес.
Ол түгіл поэзияда да,
Ершаттың асып жатыр даңқы белес.
Шымкентте рас бергенбіз «Күміс қалам»,
Кіл жастар жасаған соң жалпы кеңес.
«Күміс қалам» дегенің не тәйірі,
Ол әзірге асатын жарты белес.
Осындай алтын елдің баласына,
«Алтын домбыра» берсең де артық емес.

Ершаттың кеміргені өнер еді,
Болмысы басқа ақыннан бөлек еді.
Ол рас «Күміс қалам» бәйгесіне,
Қатысуға бұл Біржан себеп еді.
Аблағұлдан ап кетті Бас бәйгесін,
Өнерлі болғаннан соң өнегелі.
Қолына «Күміс қалам» ұстап тұрып:
«Темірге шақырамын» деген еді.
Құдайым сәтін салып, міне бүгін,
Қонақ боп Біржан мұнда келген еді.
«Сыйға – сый» демей ме, біздің қазақ,
Бабаның дәстүрі бұл көнедегі.
Ал ағайын төріңе шығып тұрмын,
«Бұйырса келеді-ау» деп төбедегі.
Ершатқа біздің әкім күміс берген,
Біржанға сіздің әкім не береді?

Бұл Темір тектілердің төрі емес пе?
Төріндегі Самғардай сөрі емес пе?
Ринатпен айтыссақ не болыпты?
Ол да бір түзде жортқан бөрі емес пе?
«Ер шекіспей, бекіспес» дейді қазақ,
Біржан да ер мінезді ер емес пе?
«Айтыс – сөз барымтасы» деп толғаған,
Әуезов салып кеткен жол емес пе?
«Қазыны сатып алды» дегенің не?
Артық сөз адамзаттың соры емес пе?
Ондайды көңіліңе ала берме,
Жүрегі қазылардың кең емес пе?
Елге қызық сыйласақ екі жақтан,
Ел үміті ақталғаны сол емес пе?

Еліміз бейбіт, тыныш шүкір Аллам,
Саттасын бізді Құдай шытынаудан.
Ассалау маалейкүм, Темір елі,
Төңірден тәтті сыйын бүгін алған.
Жер-жерде дүбірлеген тойлар өтіп,
Далаңда берекенің құты қалған.
Шұбардың шұрайлы елі сенің де енді,
Сарқытың кетпесе екен сыпыраңнан.
Мінеки, топырағыңа кадам басып,
Өздеріңдей ел шықты мұқым алдан.
Айтсақ кіл мықтылар жиналыпты,
Талай топтың бәйгесін ұтып алған.
Жаныма Самғардайын жас жүйрік кеп,
Маған да таянып тұр тықыр алдан.
Мерейтойын айтыспен атап өтіп,
Ақындарды ардақтап күтіп алған.
Төл өнерді көтерген төбесіне,
Темірдей болса шіркін, бүкіл аудан!

Қыранға қанат керек самғау үшін,
Шайырға шабыт керек талмау үшін.
Гена мен Алвареске теңеп бізді,
Жеткізіп жатыр інім толғанысын.
Өзіміздің тұрғанда Гена батыр,

Қайтесін өзге жұрттың Алваресін?
«Мен енді кімді үлгі тұтамын?» деп,
Ағытып жатыр енді таңданысын.
Қазақта үлгі тұтар тұлға көп ғой,
Өнердің бола білген қорғаны шын.
Айтыстың арыстаны Бекең отыр,
Жықпаған сахнада өр намысын.
Одан қалса Алтынбек көкең отыр,
Өн мен жыр жатқан толғап ішін.
Өнерде үлгі тұтсаң адаспайсың,
Қазақтың Жүрсін дейтін жолбарысын.
Осыларды еткесің Темірқазық,
Тасиды бойыңдағы сонда күшің.
Үлкен сахнаға алғаш шығып тұрсың,
Орындайлың, жас күңгі арман, ісің.
«Ақыл – қастан шығады» дейді қазақ,
Жорықтанда жолың болсын, ал барысың!
Самғарды самғатып бір жіберейік,
Енді ешкім аяғынан шалмау үшін.
Ағаға ең жақсылып қолыңды сөз,
Тигізген осы болсын қолғабысың.

САМҒАР ОРЫНБАЙ:

Біссімліл, қуы тегіссе домбырадан,
Сусындап өскен елек мол мұрадан.
«Самғарыңды самғатам» деп жатырсың,
Тыңдады бүкіл қазақ шын дауысын.
Бұл күнде ұлтқа қызмет етіп жүрген,
Ризамыз осында өскен ұлдары үшін.
Жүрсіндей ағамызға шөкірт боп жүр,
Марат Ахметовтей бір барысын.
«Ұшырам, ұшырам» деп осы айтыстан,
Ұшырып жібермесең болды маған.

Біржан аға бір елдің шебері едің,
Мақтап-мақтап кеп тұр ма шебер жеңің?
«Самғарыңды самғатам» деп жатырсың,
Одан артық самғап қайда барам?
Халқымыз айтайыншы хал-жайын да.
Оталын тастап қашқан орыстар да,
Халқымыз түсірді ғой мол уайымға.
Квартираның бағасы бес жүз мың боп,
Толғандым үйсіз қалған ел жайында.
Сары орыс қаптап жатқан даланы ойлап,
Мұңайдым иен жатқан жер жайында.
Квартирадан қуылған студенттер,
Оны ойласам шөрлі өлең таңдайымда.
Еліме бір пайдамды тигізе алмай,
Салынып жүрген едім сары уайымға.
Ал онда елдің рухын көтеретін,
Құдайым сөз сала гөр таңдайыма.
Халқы үшін еңбек өтер мақтанышты,
Менің де жазған екен маңдайыма.

Шұбардың көрінгенде халқы маған,
Қырандай қия шыңға алқи алам.
Бүкіл халық бұл күнде шуылдап жүр,
«Тасқопадан табылды» деп «Алтын адам».
Темірден «Алтын адам» табылғаны,
Оншалық қызық емес жалпы маған.
Себебі сенде қанша тарих жатыр,
Ел біліп, беті әлі аршылмаған.
Қаншама тарихты құмға көмді,
Кешегі кері кеткен қайғы заман.
Жер астында қаншама алтын жатыр,
Заманында дүр болып жарқыраған.
Соның бірі Жиенғали Тілепберген,
Ойласақ талайлардан артық адам.
Есімі елге таныс болмаса да,
Еңбегі елге сіңген жарқын адам.
Заманында мектеп ашып, бала оқытқан,
Ұраның сусындапқан білім балдан.
Қазақты тек қазаққа оқытайық,
Деп айтқан ең алғашқы ойшыл адам.
Ең соңында ашытқан қаза тапқан,
Мың тоғыз жүз отыз үште жалпы көп адам.
Тірісінде жанталасып нан сұрамай,

Ұрпағына рухани нәр сұраған.
Еңбегін толық зерттеп елге ұсынсақ,
Алтыннан да қымбаттау нарқы болған.
Шұбарым менің тек бір мысалым ғой,
Тарихыңды тұлғаларға толтыра алам.
Бабалардың қадірін білер ме екен?
Бүгінгі кембағалдау жарты қоғам.
Қатпарланған тарихыңды ақтарса егер,
Әлі талай табылады «Алтын адам».

Төрің үшін Біржандай құйын келді,
Айтсақ жиылып ап дүйім елді.
Құдайға шүкір, тоғыз балаға ие болып,
Үйіп табыс, тізімге тыйым болды.
Бір өзі – бір «садик» болып отқан,
Біржанға қош көрмесің сүйінбеуді.
Жұмысында бұл ағаң білдей бастық,
Астық қылып жіберетін үйірге енді.
Отызында қос бірдей жарды құшып,
Бәйбіше мен тоқалдың сыйын көрді.
Өйелдің көңілін бауы деген оңай емес,
Тен ұстап екі тірдей дірменді.
Екі әйел былай тұрсын көп адамның,
Арманы – екі бірдей сиыр болды.
Ал, Біржан аға шыныңды айтшы,
Ашытып жүр ме еді миыңды енді?
Осы айтсақ атбасын бұрар кезде,
Қай жеңгеннен сұрану қиын болды?..

БІРЖАН БАЙТУОВ:

Шыққан соң сахнаға сынасуға,
Тосылып топ алдында тұрасың ба?
Біржанның екі әйелі бар екен деп,
Алдың ғой сол ісімді сіре сыңға.
«Қай жеңгеннен сұрану қиын болды?»,
Дегенің қызық екен расында.
Сенің бұл мысқылың ба, түсінбедім,
Немене Самғар інім, қуасың ба?
«Өр адам өз ісінен хабар берет»,
Дегенің бұл қазақтың ұғасың ба?
Сонда сен айтсақ барған сайын,
Келінжаннан сұранып шығасың ба?

Шын ақын шындық сөзден шыға алмайды,
Құр ақын ақиқатты құп алмайды.
Сахнада ананы айтып, мынаны айтып,
Бұл Самғар қу түлкідей бұлаңдайды.
Біреудің жеке өмірін әңгіме ғып,
Түсінбей жыр айтады бұлар жайды.
Болап елдің балдары бірін-бірі батыр десе,
Келмейді ешқашанда бұдан қайғы.
Ал Самғарлар мін іздеп болмас жерден,
Тырнақ асты кір іздеп ылаңдайды.
«Қай жеңгеннен сұранып шығып ең?» деп,
Бұл несіне аттандайды, ұрандайды?
Үйдегі анасынан сұранбаса,
Бұл Біржан үйдегі әйелдерден сұранбайды.
Шымкенттің жігіттерін білесің ғой,
Қатының дегенімен жүре алмайды.
Әйелін сыйлағанмен бірақ оны,
Ешқашан төбесіне шығармайды.

Темірім – көне өнердің думанысын,
Шайырлардың шабытты шұмағысын.
Алыстан ат арытып келіп тұрмыз,
Сенің кереметіңді жырлау үшін.
Топырағынан түлетіп ұшырысың,
Қазақтың топқа қосқан түрлі арысын.
Ербөлектей батырың болмағанда,
Ұлттың қорғау еді кім намысын?
Кешегі Досжан ишан хазіреттер,
Өмірді сүрген еді халық үшін.
Нұрпейіс Жиеналы шариғаттан,
Толғапты иманы елдің сынбауы үшін,
Нұрпейіс Байғанин боп бұл Темірдің,
Тыңдады бүкіл қазақ шын дауысын.
Бұл күнде ұлтқа қызмет етіп жүрген,
Ризамыз осында өскен ұлдары үшін.
Жүрсіндей ағамызға шөкірт боп жүр,
Марат Ахметовтей бір барысын.
Жаңағы «Күміс қалам» ұтып алған,
Ершат сен Байғаниннің жұрнағысың!
Саламаттай өкімің шапқалап жүр,
Осы ауданды кіріптір қылмау үшін.
Осыларға төр болған Темір елі,
Қашанда қазақтың жұрнағысың.
Біз үшін Сарыарқадай кең даласың,
Мұғалжарым секілді тұлғалысың!
Осынау асыл елге алыс айттам,
Осындай асыл ерлер туғаны үшін.

Жырласам жақсыларды жаненермін,
Сөзімді ісіммен дәлелдермін.
Құздің қара суығын тигізіп ап,
Темірге мен ауырып, ерең келдім.
Інімнің көмейінде өлең еді,
Болмысы өзгелерден бөлек еді.
«Ақтөбеге келсеңіз болды ағасы,
Өзім күтіп аламын» деген еді.
«Самғаржан күтіп алар» деп алаңсыз,
Бұл Біржан осы өлкеге келген еді.
Самғардың таппай қалып келгенің,
Вокзалда біраз уақыт бөгеледі.
Таңғы бесте күн суық үдей түсті,
Дірілім салқындаған дөнедегі.
Келмесең, келмеймін деп айтпайсың ба?
Құлақтан теуіп кеттің неге мені?
Енді кеп ел алдында жұтынасың,
Әйелді айтып, өрнеңе айтып, тұқырасың.
Мені күтіп алудың орынына,
Сахнада жағамнан ап құтырасың,
Ал ағайын, сенерім өздеріңсің,
Балан едім талайдан құты басым.
Қонақ болып кеп тұрған бұл Біржанның,
Көңілі енді қалай шытынасын?
Бойдағы суығымды қуып шықсын,
Сендердің оттай ыстық ықыласың!

САМҒАР ОРЫНБАЙ:

Мен емес мұндай тұста шабан болған,
Жан едім ағаларға адал болған.
Біржан аға ауырып тұрсаң алаңдама,
Шұбар жұрты болады саған қорған.
Иә, дұрыс: «Күтіп алам» деп айтқаным,
Себебі күтетіндей шамам болған.
Өзің ғой қашан келетіңді айтпай қойған,
Мен болсам сені күтіп, алаң болған.
Ақтөбеде қарайлап кеп жүрдім ғой,
Сізбенен жүздесу – маған да арман.
Өткен, таяп қалғанда Біржан жақтан,
Қандыағаштан түсетіні хабарланған.

Мен болсам Жауя Муса секілді жаяу едім,
Мен үшін қиын болды олай болған.
Сол үшін келіп бар ағама хабарластым,
Күтіп алуға шұбарлық ағам барған.
Аяғыңды жерге тигізбестен,
Қонақ қылып, қызметі тамамдалған.
Енді келіп өтірікші қылып отсын,
Біржан аға сөзінде бояу болған.
Сипағанды білетін сиыр жақсы,
Сыйлағанда білмейтін адамдардан.

Біржан аға айтқаның өлең бе еді?
Өлеңнің мағынасы тереңдеді.
Бұдан бұрын Біржанмен көп хабарластым,
«Ағам ғой» деп сыйладым өнердегі.
Бір күні: «Президент келеді» деп,
«Қазірше сөйлеспеймін сенімен» деді.
«Иә, дұрыс» деп мен байғұс мақұл дедім,
Кемелулы халқымыңның көмеңгері.
Президентпен жолығып болғаннан соң,
Іздейді деп ойладым жедел мені.
Содан кейін жанұшырып хабарластым,
Бірақ Самғар Біржанға өлеңдеді.
Мұны іздейтіндей менің де жөнім бар ғой,
Сыйластықтан ініңіз бөгелмеді.
Берерін Самғар бұған беріп болған,
Ағамның бар еді маған берерлері.
Беретінін тым құрыса жібермеді,
Енді келіп осылайша бедеуледі.
Президентті көріп, мені ұмытардай,
Арамызға не нәрсе кедергі еді.
Жоқ әлде Президет Шымкентке,
Арнайы мен үшін келген бе еді?
Көзіңнен шұқып тұрып, атымды айтып:
«Самғарменен хабарласпа!» деген бе еді?

Айналайын, Біржаным,
Шұбар деген осы жер.
Жерінде ойнап тұлпары,
Көңілде пырақ қалықтап,
Нұрпейісті туған ел.
Жырыңнан әсте жалықпай,
Осындай жерге келгенде,
«Алтын адам» табылған,
Тасқопа жаққа барып қайт.
Досжан ишан қалдырған,
Мешітімің орны бар,
Шіне түнеп, қонып қайт.
Тарихымды егер жырласам,
«Қалмаққырылған» жерім бар,
Қаламақа болған жорықта,
Сөңбайдың ұрпағы,
Ажалдан да қорықпай,
Тілек батыр бас қосқан,
«Келбатырдай» құрлықта-ай.
Салқам биді жырласам,
«Қарақамыста» болып жәрмеңке,
Тауарымен Алаш толықты-ай.
Айналайын Шұбарым,
Батырлық та сенде бар,
Ақындық та сенде бар,
Тарихыңды кімдер айыптайт?
«Қонақ қылмады» деп,
Өкпелді айтпастан.
Өзім араласып айтайын,
Қонағым менің болып қайт.
Тарихымды танып қайт.
Тұлпардайын шауып қайт.
Аруақтың мынау,
Халықтың ақ батасын,
Алып қайт!..

Алаңда жүрдім енді алаң болса,
Алаңдамас халқыма жаман болса.
Шұбарда қаншама ақындар бар,
Дайын тұрған топқа егер салар болса.
Ершат пенен Марат, Нартайларым,
Нұрболдарым дайын тұр боран болса.
«Бір ауданда мұнша неге көп ақын?» деп,
Мен айтқын сұрағы елдің болар болса.
Бұл ауданда Темірхандай атам бар ғой,
Алдыңан білім алған адам қанша!
Шұбардан әлі талай ақын шығар,
Темірхандай ағамыз аман болса.
Одан кейін мықты ақын болып қиын емес,
Қолдайтын Жүрсіндейін аған болса.

Қадірменді халқымыз-ау сен аман бол,
Ақындардың қадірін жатқан біліп.
Біржан аға, еңдеше сен де аман бол,
Халқың үшін сөйлей бер, жақ талдырып.
Шұбар жұртым, біздер де маз боп қайттық,
Шаттықтың жайлауына ат шалдырып.
Елу жылың еңдеше құтты болсын,
Ерліңді жүйрік мақтан қылып.
Намысы ерлеріңнің аспанға ұрып,
Алдыңнан ата берсін ақ таң күліп!..

БІРЖАН БАЙТУОВ:

Халық бізге құшағын кең жаяды,
Ал Самғардың болмай отыр аяры.
«Хабарласпай кеткен өзін дедің» деп,
Өзімізді кінәлі қып қояды.
Тау суындай тасып бүгін өтейін,
Алла жазса мақсатыма жетейін,
Бұл ауданға күнде келіп жатқан жоқ,
Ал еңдеше төгіп-төгіп кетейін.
Қырағу толып жатса текті ұлың,
Басылмасын оңайлықпен екінің.
Жер бетіне қиямет күн келгенше,
Көпімізде желбіресін Кек Туым!
Асқар шыны ақша бүлпепен таласқан,
Көпімізден нұр төгіп тұр көк аспан.
Сіз боп, біз боп, жырмен жалғай берейік,
Ел болайық, қол алысып, тарақсан,
Ел болайық, бірлігіміз жарасқан.
Қазақ елі өсіп-өніп, көктесін,
Алла қолдап несібесі көп болсын.
Даламыздан бақ-береке кетпесін,
Арамыздан ала мысық өтпесін!
Ойымдағы ойымды өлең қуласа,
Шабаттаран ақын елді жырласа.
Шайырларын төбесіне көтерген,
Темірімнің текті жұрты мың жаса!
Өлеңімді таба берсін жарасым,
Ардақтайтын ақын болғын Алашым.
Сіз боп, біз боп, жырмен жалғай берейік,
Батыс пенен Оңтүстіктің арасын.
Батыс пенен Оңтүстіктің арасын,
Батыс пенен Оңтүстіктің арасын.
Батыс пенен Оңтүстіктің арасын,
Батыс пенен Оңтүстіктің арасын.
Батыс пенен Оңтүстіктің арасын,
Батыс пенен Оңтүстіктің арасын.
Батыс пенен Оңтүстіктің арасын,
Батыс пенен Оңтүстіктің арасын.

Құттықтау

Айғалиев Нұрхан Сайлауович

Айғалиев Нұрхан Сайлауович 1972 жылы 17-ші қарашада Ақтөбе облысы, Темір ауданына қарасты Құмсай ауылында дүниеге келді. Отбасында 7 бала тәрбиеленіп өсті. 1979 жылы сол Құмсай ауылындағы бастауыш мектептің табалдырығын айтқан, 3-ші сыныптан кейін Саркөл орта мектебіне қабылданып, 1989 жылы 10 жылдық мектепті аяқтады. Отбасы қарапайым көп балалы шаңырақ болғандықтан, мектеп бітірісімен Нұрхан Сайлауович әкесіне қаламбас тиізіп, үйіне көмектесу мақсатында, мал шаруашылығына арналасын, ауылға қалды. Кейін Отан аяғындағы доғрысын өтеп келіп, 1994 жылы еңбек жолын «Кеңкіяқ көлік басқармасында» жүргізуші болып бастады. 2012 жылға дейін сол мекемеде абыроймен еңбек етіп, 2012 жылдың қазан айында «Кеңкіяқмұнай» МТӨБ-на қазан айдау операторы болып ауысты. Бүгінде осы мекемеде абыроймен еңбек етіп келеді. Еңбек өтілі 28 жыл. Нұрхан Сайлауович отбасында жұбайымен бірге 5 бала тәрбиелен өсірген еке, немересінің ардақты атасы.

Отбасында 7 бала көңілді өскен, Ата-анасын шынайы тебіренген. Ауылда оқу оқып, тәрбие алып, Азамат боп үлкейіп, әскерге кеткен.


Одан кейін Алланың өзі қолдап, Бақ-береке басына бақыт орнап, Елге келіп, ерінбей еңбек етті, Басқармада тәп-тәуір машина айдап.

2012-де МГӨБ-ге өттің, Абыроймен мақсатыңа да жеттің. Бүгінде еңбек етілің 28 жыл! Біле білсек, бір адамға аз емес бұл!

Отбасында тәрбиеленген бес баланы, Ерлікке теңейміз біз ата-ананы. Бұл күнде 50 жасқа жетіп отыр, Құттықтаймыз салықалы Атаны.

Нүреке, көңіліңіз арайлансын, Отбасыңда лайым нұр ойнасын. Туған күн құтты болсын келіп жеткен, Жарқын күндер аша берсін шарайнасын.

«Кеңкіяқмұнай» МГӨБ ұжымы.



ТЕРМЕ ЖАНРЫ БОЙЫНША ҮЗДІК БОЛДЫ



Таяуда Ақтөбе қаласында «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы мен «Үміт» шығармашылық орталығы ұйымдастырған «Talanitar sug setedi» атты республикалық балалар мен жастар шығармашылық байқауында, Шұбарқұдық балалар саз мектебінің терме класы оқушылары Қайсар Расул мен Бектенов Жансұлтан «Дәстүрлі өн» номинациясының терме жанры бойынша «I-ші Дәрежелі Лауреат» иегерлері атанды. Мұнда Қайсар Расул «Өлеумет келдің қаумалап» атты Сәттігүлдың термесін, ал Бектенов Жансұлтан Б. Тәжібаевтың «Ақбұлақ» термесін орындап, үздік болды. Сондай-ақ байқауда, шұбарқұдықтық қос дарынның жетекшісі Аялов Жанболат Болатұлы да, оқушылардың шеберлігін шыңдауға қосқан үлесі үшін, арнайы «Дипломмен» марапатталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Спорт

ТЕМІР АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ МЕН «МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» ММ-СІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН, ЖАСТАР АРАСЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА, «ҚҰРДАСТАР» АТТЫ АУДАНДЫҚ ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИ ӨТТИ.

ВОЛЕЙБОЛДАН ТУРНИР ӨТТИ



Аталмыш турнирдің ерекшелігі – ауданымыздың әрбір ауылдық округтеріндегі бір жылғы туылған жастар команда жасақтап, сайысқа түсті. Турнирге бас-аяғы 10 команда қатысқан болатын. Сайыстың нәтижесінде I-орынды 1996 жылғы, II-орынды 1998 жылғы, III-орынды 1991 жылғы туылған құрдастар командасы иеленді. Женіске жеткен командаларға арнайы Кубокпен қатар, бағалы сыйлықтар, ал жарыс жеңімпазына арнайы командалық біркелкі форма табысталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Өнер

Эстрадалық өнер иеленді

Мұғалжар ауданында өткен «Айырық а й ш ы қ т а р ы - 2 0 2 2» облыстық эстрадалық өнер иеленді байқауында Н. Байғанин атындағы аудандық мәдениет үйінің қызметкері Аманқұлов Батырбек Жұбатқанұлы жүлделі I-орынды иеленді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



«КІТАР TIME - 2022» ФЕСТИВАЛІ

«КІТАР TIME-2022» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАП ФЕСТИВАЛІ АЯСЫНДА ТЕМІР АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫНДА «LIBRARY VIBE» АТТЫ ТАНЫМДЫҚ ШАРА ӨТТИ. АТАЛМЫШ ШАРАҒА ШҰБАРҚҰДЫҚ ГИМНАЗИЯСЫНАН, № 3-ші ЖОББМ-нен ЖӘНЕ АУДАНЫҢ БЕЛСЕНДІ ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРІНЕН ҚҰРАЛҒАН КОМАНДАЛАР ҚАТЫСТЫ.



Сайысқа қатысушы командалар «Colors party» негізінде белгілі бір кітапты таңдап, сонымен түстес киініп, таңдаған кітаптары туралы мағлұмат берді. Командалар зияткерлік сайыстарда да бақтарын сынап, сайыс қорытындысы бойынша № 3-ші ЖОББМ командасы үздік деп танылды. Сайыстан бөлек қатысушылар «Поэзия party» аймағында поэзияның сұлулығы мен энергиясын сезініп, жерлес және өзге де ақындардың өлеңдерін оқып, әндер айтып, өз өнерлерін ортаға салды. Кеш соңында шараға қатысушыларға «Алғыс хаттар» мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Г. Д. ЖАНӘДЛОВА,
Темір аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің әдіскері

АДАЛ ДОС, АБЗАЛ АЗАМАТ ЕДІ...

ИГЛІК МАРҚАМДЫ АУЫЛДАСТАРЫ «ШАЛ» ДЕП АТАЙТЫН. ОЛ БҒАН РЕНЖІМЕЙТІН, КЕРІСІНШЕ ӨЗІН ОСЫЛАЙ АТАҒАНҒА РИЗА БОЛҒАНДАЙ, ЖЫМИЫП ҒАНА ҚОЯТЫН ЕДІ. ЖАРЫҚТЫҚ. ОНЫҢ «ШАЛ» АТАЛУЫНЫҢ СЕБЕБІ ДЕ БАР БОЛАТЫН. ЖАСТАЙЫНАН АУРУШАҢ БОЛЫП ӨСКЕН ИГЛІК, ӨСІРЕСЕ БІР АЯҒЫН АУЫРСЫНА БАСАТЫНДЫҚТАН, КӨБІНЕ ТІК ЖҮРЕ БЕРМЕЙ, ЖҰМЫСТЫ ОТЫРЫП ІСТЕУДІ ҰНАТАТЫН. БІР ЖАҚСЫСЫ – ҚАНДАЙ ІСТІ ҚОЛЫНА АЛСА ДА, АСПАЙ-САСПАЙ, АСА ЖАУАЛКЕРШІЛІКПЕН ӨТЕ ТИЯНАҚТЫ ЕТІП ЖАСАП ШЫҒАРАТЫН. КӨП СӨЙЛЕМЕЙТІН ОЛ, АЙТАР СӨЗІН ҮЛКЕН КІСІЛЕРШЕ САЛМАҚТАП, БАЙЫППЕН АЙТАТЫН. ОСЫНДАЙ МІНЕЗІ МЕН ӨДЕТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БОЛСА КЕРЕК, ОНЫ ЖҰРТТЫҢ БӘРІ ЖАСТАЙЫНАН «ШАЛ» ДЕП АТАП КЕТКЕН.

беретін сондай бір әңгіме қалыпты. Бірде егістік басында ауыл адамдарына шөп тайлап, буып беріп жатқан Игілікке, көпшілікке танымал, өзінің аздап ақындығы да бар Қайсар Қойшин деген ағамыз келіп, өзіне дайындап қойған туктерді азынып:

«Інім едің Игілік, Преске қойды би қылып. Берсейіші Қайсар ағаңа, Жырма-отыз тук сый қылып» деп өлеңдеткен екен. Сонда Қайсар ағасының өлеңіне риза болғаны сонша, Игілік: «Аға, мына жердегі туктің барлығын тиел, ала беріңіз...» депті дейді...

Иә, Игілік жасы үлкенді сыйлап, кішіні құрметтей білетін ерекше жан еді. Ол өсіресе, жастарға өзінің білгенін үйретуден ешқашан жалықпайтын. Сосын өзінен жәрдем сұрап келген адамнан да ешқашан бас тартпайтын. Мәселен, трактор айдайтын ол, өзінің әріптестері қосалқы бөлшек сұрап келсе, қолындағы соңғысы болса да аямай, бере салатынын талай көргенмін.

Міне осындай ерекшелігімен ол жаман болмады. Бүкіл ауыл оны қатты сыйлайтын. Басшылардың алдында да үлкен абырой-беделге ие болды, партияға мүшелікке қабылданып, аудандық кеңестің депутатығына да сайланды, облыстың ең таңдаулы механизаторының бірі болып,

бірнеше конференцияларға делегат болып та қатысты. Игілік, 1980 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалымен марапатталғаны есімде. Сол 1980-85 жылдары Қайыңды совхозында партком секретары болған Сағиев бірде: «Қазақта: «Еліне өлеулі, халқына қалаулы» деп айтылатын сөз бар. Сол сөзге Игілік Қосымбаев толық лайық кісі. Совхоз басшылары бұл кісінің еңбегін әлі де дұрыс бағаламады. Бұл кісі бұдан да жоғары марапаттарға толық лайық» деген болатын.

Сол Игілік Қосымбаев, үстіміздегі жылы 72 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Артында жолдасы, екі ұлы және қыздары қалды. Оны атық сапарға шығарып салуға келген бірге өскен, жұмыстас болған азаматтардың қарасы көп болды. Жаназаға келгендер, жақсы істерімен және «Шал» деген атымен көпшілікке танымал болған азаматпен қимай қростасты...

Қош бол, адал дос, адал азамат. Жатқан жерің жалы, топырағың торқа, жаның жанатта болсын...

Бір топ жолдастарының атынан
Нұрсұлтан ІЛІЯСҰЛЫ.



ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙҒА СОҚТЫРУЫ МҮМКІН

ТЕМІР ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒАЛАРДЫ ҚАНШАМА РЕТ МЫСАЛҒА КЕЛТІРІП, ҚАЙТАЛАП АЙТЫП ЖАТСАҚ ТА, ӨКІНІШКЕ ОРАЙ, ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ТАЛАП ЕТІЛЕТІН ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕСКЕРМЕҮІНІҢ САЛДАРЫНАН ОРНЫ ТОЛМАС ҚАЙҒЫЛЫ ЖАЙТТАРҒА ЖИІ ҰШЫРАП ЖАТАДЫ. СОНДЫҚТАН БІЗ БҰЛ БАҒЫТТАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ ТҮРҒЫНДАРҒА ҚАЙТАЛАП АЙТА БЕРУДЕН ЖАЛЫҚПАЙМЫЗ.

Қарауылкелді, Шұбарқұдық, Жарлы, Ноғайты және Жұрын елді мекендеріндегі тұрғындар, балалар темір жол бойына жақындағанда және темір жолдан өткенде, жұмыстан, мектептен кері қайтқанда, көктемгі, жазғы, күз айларында мал айдап өткенде сақтық шараларын ескеріп, жан-жағына қырағылықпен қарап, жақындап келе жатқан пойыздың маневрлік қозғалысының жоқтығына көз жеткізіп барып, өту керектігін есте сақтаған жөн. Бұл біздің баршамыздың тікелей міндетіміз.

Перронда, пойызға мінерде, түскенде пойыздың толық тоқтағанын күту керек. Кейбір адамдар өзінің өмірін қауіпке тігіп, темір жолдың бұрмалары орналасқан, көз келген жерден, пойыздардың астымен асығып өтуге тырысады. Бұл өте қауіпті. Темір жол бойындағы елді мекендерде халық көп шоғырланғаны белгілі Олардың көбі темір жолда істемейді. Сондықтан көп адамдар, әсіресе балалар қауіпсіздік ережелерін білмегендіктен, өздерінің өмірлеріне қауіп төндіріп, жанұяларына, ағайын-туыстарына орны толмас өкініштер әкеледі. Біз осындай қайғылы жағдайдың алдын алу үшін түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келеміз.

Жалпы, әрбір тұрғын темір жолдан өту тәртібін толық сақтап, өздерінің жанұя мүшелеріне, әсіресе балаларға осы бағыттағы қауіпсіздік туралы айтып отыру керектігін ескертеміз. Темір жол торабында орынсыз жүру, балалардың темір жол бойы жанында ойнауы, тіпті ересектердің де ішімдік ішкен күйі тәртіп бұзуы т. б. – қайғылы жағдайға әкеліп соқтырмайтынына ешкім кепілдік бере алмайды. Сондықтан әрқашан қауіпсіздік ережелерін естен шығармай, өте сақ болған жөн.

ПЧ-6 Қыдырағаш жол дистанциясы.

Меншік иесі:
Аудандық «Темір» газеті ЖШС

Директор Мәңдіхан ӘДІЛХАНҰЛЫ

Газет Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2012 жылдың 2-тамызында тіркеліп, №12894-Ғ куәлігі берілген.

Жарияланған мақала авторының пікірі редакция кезқарасын білдірмейді

Газеттегі кейбір суреттер галамтордан алынды.

Темір

Аудандық «Темір» газеті ЖШС.
Мекен-жайы 030800, ҚР Ақтөбе облысы,
Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Байғанин көшесі, 11.

Редактор Бердіхан АДІЛХАНОВ

телефоны 871346 (49-0-11)
тілшілер 2-24-72

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ.
ТАРАЛЫМЫ 2160 ДАНА. ТАПСЫРЫС 1606
КӨЛЕМІ 2 БАСПА ТАБАҚ, ИНДЕКСІ 65510

«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында
Басылады. Ақтөбе қаласы, Смағұлов 9/2
Басылу сапасы жөнінде 400 400 телефонына
хабарласуға болады.